

Кеңес дәуіріндегі балалар үйлері мен панасыздықты зерттеу мәселелері **Раушан Д.Ахметова¹, Ерке Конбай^{2*}**

Шәкәрім университеті (Семей, Қазақстан)

E-mail: r.d.akhmetova@mail.ru¹,
konbayyerke@gmail.com²

¹<https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>

²<https://orcid.org/0009-0003-2678-945X>

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес дәуіріндегі балалар үйлері мен панасыздық мәселесінің зерттелуі қарастырылады. Кеңестік жүйедегі әлеуметтік және білім беру саясаты, панасыз балалар мекемелері, ашаршылық тарихы сияқты мәселелерге баса назар аударылды. Балалар панасыздығы тарихы өзекті тақырып болып саналғанымен, зерттеулер сирек көздеседі. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Кеңес дәуіріндегі балалар үйлері мен панасыздық мәселесін кешенді түрде зерттеу, оның әлеуметтік-саяси себептерін, мемлекеттік саясаттағы орны мен ғылыми тарихнамадағы зерттелу ерекшеліктерін айқындайды. Ең алдымен архивтік деректерге, атап айтқанда, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті (БОАК/ВЦИК) мен Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК/СНК) қаулыларына талдау жасап, олардың балаларға арналған мекемелерді ұйымдастырудағы рөліне тоқталады. Сонымен бірге, кеңестік педагогикалық ой мен ғылыми еңбектерде осы мәселенің қарастырылғанына шолу жасалды. Мақалада қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізінде балалар үйлерінің дамуы мен панасыздық себептері, түрлері сипатталады. *Нәтижелер.* Кеңестік әлеуметтік саясаттың балаларды қамқорлыққа алу тәжірибесін, оның ерекшеліктерін және аймақтық деңгейдегі іске асырылуын көрсетті. Зерттеу нәтижелері Кеңес дәуіріндегі балалар үйлері жүйесінің қалыптасу тарихын түсінуде, сондай ақ тарихнамадағы өзгерістерді айқындауда маңызды рөл атқарды. Балалар мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық реформаларының нәтижесінде аштыққа ұшырады. Кеңес үкіметі панасыздардың материалдық жағдайын жақсарту барысында, жетімдерді балалар үйлеріне, коммуналар мен қабылдау пунктеріне орналастыруда маңызды іс-шаралар атқарды. Орталық, өлкелік балалар комиссиялары панасыз, қорғансыз қалған балалардың өмірін сақтап қалуға үлес қосты. *Қорытынды.* Қазақстанның және басқа да зерттеушілердің тарапынан кеңестік дәуірдегі балалар панасыздығы мен жетімдер үйлерінің тарихын зерттеу бойынша елеулі жұмыстар атқарылды. Балалар панасыздығы тек кеңестік билікті ғана емес, бүкіл қоғамды толғандырған маңызды әлеуметтік құбылыс болды. Сол кезеңдегі деректер мен мерзімді басылымдарда мемлекеттің панасыздық пен қорғансыздыққа қарсы саясатының кемшіліктері жасырылмай, қайта олардың себептері айқындалып, болашақта еңсеру жолдары жан-жақты талданды.

Кілт сөздер: Кеңес дәуірі, панасыздық, балалар үйлері, әлеуметтік саясат, тарихнама

Кіріспе

Кеңес дәуіріндегі балалар панасыздығы мен жетімдерге арналған мемлекеттік мекемелер жүйесінің даму мәселесі біздің елде ғана емес, бүкіл әлемде өзектілігін жойған жоқ. Ресейдегі Қазан төңкерісі мен Азамат соғысы кезеңінде жетім қалған балаларды әлеуметтік тұрғыда қорғау және қалпына келтіру мәселесі аса өзекті сипат алды. Кеңестік Қазақстанда 1920-1930 жылдары балалар үйінің пайда болуына алып келген саяси-әлеуметтік себеп салдарын анықтау, балалар үйінің материалдық жайы, ондағы балалардың аштықтан

қырылуы, жұқпалы аурулардың таралуы, моральдық-психологиялық жағдайын анықтау маңызды. Балалар панасыздығы мәселесіне қатысты зерттеулерде саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың іске асырылуының балалар өміріне тигізген салдары көрініс таппайды. Себебі, кеңес дәуірінде «балалар өмірі қорғалған, әлеуметтік жағдайлары шешілген» деген қағида берік ұсталды. Көше кезген панасыз балаларды қабылдау пунктеріне жинап, балалар үйі мен коммуналарға тәрбиеленуге жіберіліп отырды. Жетімдер үйі кеңестік дәуірдегі әлеуметтік-мәдени құндылықтарды іс жүзінде жүзеге асырудың бір нәтижесі ретінде қарастырылды.

Посткеңестік кезеңде Ресей, Украина тарихшыларының балалар панасыздығы тарихын зерттеу басымдылығы байқалады. Аштық тақырыптарын зерттеуде, балалар панасыздығы жанама түрде қарастырылады.

Отандық тарихнамада балалар панасыздығы мәселесіне қатысты ғылыми зерттеулер баршылық. Кеңестік дәуірдегі панасыздық пен балалар үйлерінің құрылу жүйесі, даму процесін айқындайтын нақты ғылыми тұжырым әлі де толық қалыптаспаған. Ғылыми мақалаларда архивтік құжаттар негізінде статистикалық мәліметтер келтірілгенмен, нақты балалар саны, мемлекеттік мекемелердің жай-күйі анықталмайды. Себебі, құжаттарда нақты статистика үнемі өзгеріп отырған, ХКК, БОАК-ның есептерінде, қаулыларында мәліметтер әртүрлі. Бұл, сол уақыттағы адам саны мен әлеуметтік жағдайды толық қағаз бетіне түсірудегі мүмкіндіктердің жетіспеуі (жол қашықтығы, мамандардың тапшылығы, 10-12 жыл сайын қайталанатын ашаршылық, репрессия). Осы тұста, кеңес дәуіріндегі мемлекеттің ішкі саясатындағы балалар панасыздығы мен балалар үйі жүйесінің даму бағыттарының келеңсіз тұстарын көрсетеді. Панасыз балалар тарихын зерттеу архивтегі деректердерді сыни талдап, ғылыми еңбектердегі жазбалармен салыстырып, шынайы баға беруді үйретеді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың деректік қорына XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балалар панасыздығы мен балалар үйі жүйесінің даму мәселесіне арналған қазақстандық және шетелдік ғалымдарының еңбектері және 1920-1950 жылдары құқын-сүргінге ұшырағандарды толық ақтау бойынша құрылған комиссияның шығарған құжаттар жинақтарының материалдары жатады.

Ғылыми зерттеудің методологиясы қоғамдық құбылыстарды олардың даму барысы мен өзара байланысында қарастыруға негізделеді. Кеңестік дәуірдегі балалар панасыздығы мен балалар үйлері жүйесін талдауда тарихилық пен объективтілік қағидаттары негізгі әдіснамалық тірек болып табылады. Тарихилық қағидаты құбылысты нақты тарихи жағдайлармен байланыстыра зерделеуді талап етсе, объективтілік деректерді жан-жақты әрі шынайы талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы және деректанулық талдау әдістері қолданылып, кеңестік кезеңдегі балалар панасыздығы мен балалар үйлері тарихының зерттелу мәселелері қарастырылды.

Талқылау

1918 жылғы 26 қаңтарда Халық Комиссарлар Кеңесі жанынан кәмелетке толмағандарды қамқорлыққа алу жөніндегі коллегия құрылып, ол панасыз балалардың жағдайын шешуге бағытталды. Сол жылдың сәуір айында аталған комиссариатта Балаларды қорғау бөлімі ашылып, соның нәтижесінде революцияға дейін Ресейде қызмет еткен жеке қайырымдылық мекемелері мемлекеттік балалар үйлеріне қайта ұйымдастырылды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бұл мекемелер Халық Комиссарлар Кеңесінің қарамағында болып, балалар қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелеріне теңестіріліп, толық мемлекеттік қамқорлыққа ие болды. 1920 жылдан бастап балалар үйлері халық ағарту органдарының жүйесіне берілді. 1921 жылға қарай Кеңестік мемлекеттерде панасыз балалардың саны шамамен 4,5 миллионға жеткен (Сажина, 2013:2-3).

1918 жылдан бастап Азамат соғысының ауыр жағдайында БОАК жанындағы Балалар комиссиясы қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, балаларға қажетті тұрмыстық заттарды жинақтау, аштыққа ұшыраған губернияларға санитарлық және азық-түлік пойыздарын жіберу, сондай-ақ балалар мекемелері арасында мемлекеттік пайларды бөлу ісін жүзеге асырды. Сонымен қатар әлеуметтік жағдайы қолайсыз аймақтардағы балаларды астық өндірумен айналысатын шалғай губернияларға көшіру шаралары жүргізілді. Нәтижесінде, 1918 жылдың алғашқы жартыжылдығында шамамен 5,5 мың бала эвакуацияланған (Медынский, 1952:124).

Зерттеуде деректерді талдаудан бастау орынды, өйткені олар тарихшылардың барлық ғылыми ізденістерінің негізін құрайды. Осы тұрғыда ерекше атап өтер жайт ХКК 1919 жылғы 20 ақпандағы «Балаларды қабылдау пунктері мен өзге де балалар мекемелерін Әлеуметтік қамтамасыз ету халық комиссариатының (ӘҚХК) қарамағынан Халық Ағарту Комиссариатына (ХАК) беру тәртібі туралы» қаулысы (Абакумов тб., 1974:346). Аталған құжатқа сәйкес, барлық балалар мекемелері ғимараттарымен және мүлкімен қоса Халық Ағарту Комиссариатының қарамағына өткізілді. Ал Әлеуметтік қамтамасыз ету халық комиссариаты қаулы қабылданған күннен бастап бір ай ішінде бұл мекемелерді азық-түлікпен қамтамасыз ету міндетін өзіне алды.

Панасыз балаларға қатысты осындай өзгеріс Кеңес билігінің ендігі жерде олардың тек материалдық қамсыздандырылуын ғана емес, сонымен бірге кеңестік қоғамға әлеуметтенуін (білім беру, еңбекке тәрбиелеу) қамтамасыз етуге ұмтылғанын көрсетеді.

1925 жылғы 21 қыркүйекте РКФСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін еңбекке және қоғамдық қызметке дайындау шаралары туралы» қаулысы қабылданғанын атап өткен жөн (Абакумов тб., 1974:350). Аталған құжат балалар үйлерін бітірген тәрбиеленушілердің одан арғы еңбекке орналасуын және оларды фабрика-зауыт училищелеріне қабылдауды қамтамасыз етті. Бұл қаулының жүзеге асырылуы балалар үйлеріндегі барлық тәрбиеленушілердің тағдырында маңызды рөл атқарды. Отбасылық тәрбие мен тиісті материалдық қамсыздандырудан айырылған балаларға кеңестік биліктің шешімдері кәсіби білім алу мен кейінгі

еңбекке орналасуға нақты мүмкіндік берді. Мұндай тәжірибенің әлемдік деңгейде алғаш рет қолданылғанын да айта кеткен жөн.

Тікелей зерттеулерге назар аударсақ, 1952 жылы жарық көрген Е.Н. Медынскийдің «Халық ағарту ісі КСРО-да» атты еңбегін ерекше атап өткен жөн (Медынский, 1952). Бұл еңбекте автор 1917 жылы Кеңес өкіметінің орнауынан бастап 1947 жылға дейінгі халық ағарту жүйесінің дамуын қарастырады. Медынский ресми түрде жарияланған деректерге, әсіресе «КСРО-да мәдени құрылыс» атты статистикалық жинақтағы мәліметтерге сүйене отырып, кеңестік биліктің ағарту саласындағы жетістіктерін көрсетуге ұмтылған.

Зерттеуде балалардың панасыздығы мен балалар үйлерін салу мәселесі Халық ағарту комиссариаты шешуге тиіс негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл тақырыпқа арнайы тарау арнаған автор Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тағдыры өткір әлеуметтік мәселе болғанын атап өтеді (Медынский, 1952:123–124).

Медынский кеңестік билік алдымен ескі балалар үйлерін жөндеу және жаңа мекемелер салу міндетін қойғанын жазады. Оның мәліметтеріне сүйенсек, 1921 жылы балалар үйлерінің саны 5251-ге жетіп, онда 260,6 мың бала тәрбиеленген. 1923 жылға қарай жетімдер санының артуына байланысты олардың саны 7120-ға дейін көбейген. Ал 1920-жылдардың ортасына таман панасыз балалар саны азайғандықтан, балалар үйлерінің саны 2925-ке дейін қысқарған. Бұл көрсеткіш Кеңес билігінің панасыздық мәселесін шешудегі белсенді әрі нәтижелі қызметін айғақтайды.

Кеңестік билік алға қойған маңызды міндеттердің бірі – балаларды моральдық күйзелістен қорғау және олардың қоғамға толыққанды әлеуметтенуін қамтамасыз ету болды. Бұл жауапкершілік, ең алдымен, балалар үйлеріне жүктелді. Е. Н. Медынскийдің мәліметтеріне сәйкес, Кеңес Одағындағы балалар үйлері тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен арнайы мақсатына қарай жіктелді. Жас ерекшеліктеріне байланысты балалар үйлері екі санатқа бөлінді: мектепке дейінгі жастағы (3–7 жас) балаларға арналған және мектеп жасындағы (7–14/17 жас) балаларға арналған үйлер. Ал арнайы мақсаттағы балалар үйлеріне өнер саласында ерекше қабілеті бар балаларға арналған мекемелер, сондай-ақ санаторийлік балалар үйлері және басқа да түрлер жатқызылды (Медынский, 1952:128–130).

КСРО-да, әсіресе 1920-жылдары балалар панасыздығы мен балалар үйлерін ұйымдастыру мәселесіне қатысты көптеген еңбектер жарық көрді. Алайда 1930-жылдардың ортасынан бастап бұл тақырып ғылыми зерттеулерден мүлде алынып тасталды. Мұның себебі айқын: мәселені жан-жақты қарастыру кеңестік мемлекеттің репрессивтік саясатына алып келетін. Осы кезеңнен бастап «беспризорники» (панасыздар) және «безнадзорные» (қамқорсыздар) ұғымдары ашық жарияланымдарда «жетім балалар» деген терминмен алмастырылды. Ресми көзқарас бойынша, 1930-жылдары балалардың панасыздығы «кулактардың» әрекетімен байланыстырылса, 1940-жылдары оның себебі соғыс салдарынан деп түсіндірілді. Дегенмен терминологиялық өзгерістер құқықтық құжаттарға әсер еткен жоқ: онда панасыз әрі қамқорсыз

балалардың бар екендігі және бұл жағымсыз әлеуметтік құбылысты жою қажеттігі мемлекеттік деңгейде мойындалды. Алайда барлық мәлімет қатаң құпия сақталды (Славко, 2011:7-8).

Қайта құру жылдары балалар панасыздығы тақырыбына қатысты зерттеулер ғылыми ортада қайта көтеріле бастады, бірақ олардың саны шектеулі болды. Себебі тарихи ғылымды сол кезеңде өткен мен қазіргі заманның жаһандық сипаттағы проблемалары көбірек қызықтырды. Тек 2000-жылдардың басынан бастап 1920-жылдардағы балалар үйлерін ұйымдастыру және жетім балалардың жағдайына арналған еңбектер белсенді түрде жарық көре бастады. Бұл кезеңдегі зерттеулердің ерекшелігі – олардың тар ауқымдылығында. Егер 1920–1930-жылдары зерттеушілерді негізінен заңнамалық база, орталық билік шешімдері және бүкіл КСРО аумағында балалар үйлері желісін құру сияқты кең ауқымды мәселелер толғандырса, қазіргі еңбектерде балалар үйлерінің аймақтық тарихына, сондай-ақ осы мекемелерде тәрбиеленген жетім балалардың күнделікті өміріне терең назар аударылады.

1920 жылдардың аяғында Қазақстандағы балалар үйіне қатысты статистикалық мәліметтердің негізінде балалар үйінің арқасында аман қалған балалар туралы тұжырымдар жасалған Н.В.Мананникованың «Охрана материнства и младенчества в Казахстане» еңбегі біржақты көзқарасқа ие деп танылды (Мананникова, 1938). Ана мен баланы қорғау мәселесін тереңірек зерттеген А.Б. Бисенованың «Материнство и детство (Очерки развития охраны материнства и детства в Казахстане)» ғылыми еңбегі бала мен ана өмірін сақтап қалуда, денсаулық сақтау шаралары мен қазақ қоғамындағы ұлттық құрамның сақталып қалуы мен қалыптасуы туралы талдаулар береді. Кеңестік саяси-экономикалық, әлеуметтік реформаларға қатысты зерттеулерінде алғашқы пайда болған балалар үйінің құрылуына қатысты деректер кездеседі. (Бисенова, 1960). Ф.Н.Базанова «Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект» еңбегі қоғамдық-әлеуметтік, саяси үрдістердің салдарын жанамалай алып келіп, елде панасыз балалар саны көбейгенде, мемлекеттік органдар балаларды қорғауда прогрессивті рөл атқарғандығын ашып көрсетеді (Базанова, 1987).

1980 жылдардағы қайта құру кезеңі кеңестік саясаттың теріс тұстарын сынай бастады. Әсіресе ресейлік авторлар аштық, балалар үйлерінің құрылуы мәселелерін зерттеуге ұмтылды. Л.А.Гордан, Э.В.Клопов зерттеулері мен, отандық Ж.Б.Абылхожин, А.Н.Адексеенконың еңбектерін атауға болады.

КСРО құлағаннан соң, посткеңестік кезеңде ғылыми цензура алынып, жаңа идеялар мен көзқарастарға негізделген еңбектер пайда болды. Голощекиндік асыра сілтеу «кіші қазан» идеясы туралы М.Қ.Қозыбаев (Қозыбаев, 1992), қазақ даласындағы алапат аштықтың салдарынан балалар тағдырының қасіретін ашуға тырысқан Т.О.Омарбеков (Омарбеков, 2001), 1931-1933 жылдардағы нәубеттің себеп-салдарын статистикалық деректер аясында дәлелдеген М.Х.Асылбеков, М.Тәтімов, Ә.Б.Ғалиев т.б. зерттеулері балалар панасыздығы мен балалар үйінің қалыптасу мәселесін негіздеуде мүмкіндік беретін зерттеулер болып табылады (Асылбеков, Ғалиев, 1991).

М.П.Малышева мен В.С.Познанскийдің «Казахи-беженцы от голода в Западный Сибирь (1931–1934 г.г.)» зерттеулері аштық жылдары Батыс Сібірге босқан қазақ балаларының тағдыры деректер береді (Малышева, Познанский, 1999). Ашаршылық кезеңінен кейінгі қазақ балаларының өмірін жақсарту, мемлекеттік балалар үйіне орналастыру, жасақталған асханалардан тамақтандыру, киім-кешекпен қамтамасыз ету, медициналық көмек көрсету шараларын ұйымдастыру фактілері талданады.

Отандық тарихнамада КСРО аумағын қамтыған 1921–1923 жылдардағы ашаршылықтың зардаптары мен балалардың жаппай індетке шалдығу мәселесі З. Г. Сактаганова мен Г. Б. Карсакованың «Ақмола губерниясында 1920 жылдардағы ашаршылық әсерінен панасыз балалар санының өсуі» ғылыми зерттеуінде қарастырылады. Мақалада партиялық-мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың індетке ұшыраған балаларды құтқару бағытындағы қызметі сипатталып, «панасыздық» ұғымына түсіндірме беріліп, оның туындау себептері ашылады. Архивтік деректер негізінде республика мен өңірлердегі панасыз балалардың нақты саны айқындалып, балалар үйлеріндегі санитарлық жағдай, елдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, соғыс пен аштықтың салдары талданады (Сактаганова, Карсакова, 2017: 4–10).

Шетелдік зерттеушілердің қатарында Р.Конквест Кеңестік биліктің саясатындағы қатігездігін сынап, солақай реформалардың салдарынан қоғамда қорғансыз балалардың пайда болуы мен көбеюіндегі зардаптарын талдайды. Қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды талдап, оныолардың ішкі сипаттарын анықтауға бағытталған теориялық негіздеме қалыптастырды. (Конквест, 1988). В.Шмидт «Трагедия Казахстана 1921-1922 годов: голод и его последствия» мақаласында 1921–1922 жылдардағы ашаршылықтың ең ауыр зардаптарының бірі ретінде балалардың күйін, панасыздық мәселесін ерекше атап өтеді. Урал губерниясындағы жағдайды сипаттай келе, ол: «Қалада қорқынышты көрініс, ісініп, ыңырсып жүрген балалар жол бойынан түрлі қоқыстарды жинауда. Уральскіде 500-ге жуық адам жиналған, оларды тамақтандыруға мүмкіндік жоқ» деп жазады (Шмидт, 2018:42). Бұл дерек ашаршылық кезінде балалардың ең ауыр әлеуметтік топқа айналғанын, олардың тамақтану мүмкіндігінен айырылып, панасыз қалғанын көрсетеді. Шмидттің пайымдауынша, балалар арасындағы аштық пен панасыздық ашаршылық қасіретінің ең шынайы көріністерінің бірі, әрі кеңестік биліктің ұйымдастырған көмегі бұл мәселені шеше алмаған. Панасыз балалардың жағдайы, аштықтың адамзаттық қырының ең ауыр дәлелі болып табылады.

Аризона университетінің доценті М-В.Кашыкчы өзінің «Growing up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing, and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928-1953» ғылыми зерттеу диссертациясында, кеңестік Қазақстандағы балалардың өсу ортасын куәгерлердің естеліктері, ауызша тарихи сұқбаттар мен архив материалдары негізінде зерттеген. Құжаттар жинақтарын алғаш рет ғылыми талдай отырып, ашаршылық жылдарындағы балалар тәжірибесіне ғылыми тұрғыдан талдау жасайды (Кашыкчы, 2020).

Зерттеулер арасында халықаралық көмек ұйымдарының маңызын ашып, панасыз балалардың аман қалғанын дәлелдейтін дерек келтірген. Тарихшы

Г.Г.Циденковтың «Везучие беспризорники из Актюбинска» мақаласы. Ол 1921–1923 жылдардағы ашаршылық кезеңінде қазіргі Солтүстік және Батыс Қазақстан аумағындағы шетелдік гуманитарлық ұйымдардың (АРА, Католикалық миссия, «Межрабпом» және т.б.) панасыз балаларға көрсеткен қызметіне тоқталады. Әсіресе Ақтөбедегі панасыз балалардың тағдыры мен оларға көрсетілген көмекке баса назар аударған. Ақтөбе қаласындағы Бельгия коммунистік секциясы ұйымдастырған балалар үйінің тарихын кеңінен сипаттап, оның шетелдік ұйымдардың есебінен қаржылардырылғанын дәлелдейді. Ашаршылық кезінде панасыз балалардың тағдыры ауыр болғандығын айта отырып, Ақтөбедегі бір топ баланың шетелдік ұйымдардың тікелей қамқорлығына өткенін ерекше жағдай ретінде көрсетеді: «Один из самых интересных детских домов „Межрабпома“ был открыт в Актюбинске Бельгийской коммунистической секцией... В детском доме в Актюбинске нашли приют 100 сирот. Бельгийские шефы решили сделать на базе детского дома кухню-столовую...» (Циденков, 2022:154). Мақалада Ақтөбедегі панасыз балалардың тағдыры халықаралық гуманитарлық көмектің арқасында жеңілдегені, бірақ бұл тек жекелеген бастамалардың нәтижесі болғанын көрсетеді.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Г.Б.Сүгірәлімова өзінің кандидаттық диссертациясында 1920-1940 жылдардағы панасыз балалар тарихын зерттеуде, мемлекеттік органдардың қызметін, алаш қайраткерлерінің балалар өмірін сақтап қалудағы іс-әрекеттерін кешенді талдауға талпынды (Сүгірәлімова, 2006). Сонымен қатар, Қазақстандағы 1920-1940 жылдардағы панасыз балалардың тарихы мен жетімдер үйінің құрылуы мен дамуын Г.К.Кемелжанова ғылыми мақаласында қарастырады (Кемелжанова, 2020). Зерттеуде 1920–1940 жылдары балалар мекемелері жүйесінің дамуы панасыздық, қараусыздықпен күрес жағдайында жүзеге асқандығы айқындалады. Сонымен қатар, қамқорсыз қалған жасөспірімдер мен балалар үйі тәрбиеленушілерінің күнделікті өмірін қарастыру барысында, бұл мекемелердің қызметіне сол кезеңдегі елдегі күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың елеулі ықпал еткенін назарға алу қажеттігі атап көрсетіледі. Әрине, панасыздықты толық жою немесе ауылдық жерлердегі балалардың тұрмыс жағдайын түбегейлі жақсарту мүмкін болмағанымен, қолайсыз экономикалық жағдайға қарамастан мемлекет тарапынан бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылды.

Жаңа архивтік және жазба деректерге сүйенген 2023 жылы «XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары» атты ұжымдық монография жарық көрді. Еңбектің алғашқы тараушасы ашаршылық жылдарындағы балалар панасыздығымен күрес мәселесіне арналды. Мұнда Ресей Федерациясы мен Қазақстан архивтеріндегі материалдар негізінде ашыққандарға көмек көрсету (Помгол) органдарының балаларға жәрдем ұйымдастыруы және панасыздықпен күрес бағытындағы есептік мәліметтері мен статистикалық деректері талданады. Сонымен қатар 1920-жылдардың басындағы Орталық балалар комиссиясының қызметі, балалар үйлерінің жағдайы, ондағы тәрбиеленушілер саны, олардың санитарлық ахуалы және балаларды құтқару мақсатында жүргізілген эвакуациялық шаралар

қарастырылады. Зерттеушілер өз тұжырымдарын дәлелдеуде Орталық балалар комиссиясының қабылдаған шешімдері мен жүзеге асырған іс-шараларына сүйенеді. Комиссияның негізгі міндеттеріне ашаршылыққа ұшыраған балаларға кезең-кезеңімен көмек ұйымдастыру, жергілікті аштыққа қарсы ұйымдармен бірлесіп әрекет ету, балаларды азық-түлікпен қамтамасыз ету, оларды аштықтан аман қалған аймақтарға эвакуациялау, сондай-ақ қаржылық мәселелерді шешу арқылы жалпы көмек жұмыстарын үйлестіру кірді. Зерттеуде аштыққа ұшыраған балаларға көмек ұйымдастыруда А. Кенжиннің ерекше еңбегі атап көрсетіледі. Ол 1921 жылдың екінші жартысында ҚАССР Халық ағарту комиссары қызметімен қатар Орталық балалар комиссиясын басқарды. Оның жетекшілігімен «балаларға көмек апталықтары» өткізіліп, эвакуациялау ережелері, есеп үлгілері әзірленді және санитарлық пойыздар өкілдерімен бірлескен кеңестер ұйымдастырылды (XX ғасырдың, 2023а). Зерттеліп отырған еңбек аштық пен қараусыз қалған балаларға қатысты статистикалық деректердің көптігімен ерекшеленіп, 1920-жылдардағы Қазақстандағы панасыз балалар мен балалар үйлері тарихын зерделеуде маңызды дереккөзі болып табылады.

Ұжымдық монография «XX ғасырдың 30-жылдарының басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: орналасуы мен бейімделуі» атты жоба бойынша жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі болып табылады. Жинақта ашаршылық салдарынан орын алған жаппай босқыншылық құжаттық деректер мен куәгерлердің естеліктері арқылы жан-жақты көрсетілген. Қазақ халқының Орта Азия мен Ресей аумағына амалсыз қоныс аударуы, олардың жаңа ортаға бейімделуі, сондай-ақ босқындардың тағдыры айғақталады (Құдайбергенова және т.б., 2022).

Сонымен қатар, кеңес үкіметі тарапынан ашаршылыққа ұшырағандарға көмек ұйымдастырылғанымен, нақты көмекке аса мұқтаж елді мекендерге бұл қор жеткіліксіз болды. Мардымсыз, бір-екі рет берілген азық-түлік көмегі аштықтан қырылғандардың өмірін сақтап қала алмады. Панасыз қалған балалар балалар үйіне тапсырылғанымен, олардың көпшілігі аштық пен аурудың салдарынан қайтыс болды. Бұл деректер кеңестік биліктің XX ғасырдың 1920–1930 жылдары елді азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмағанын көрсетеді (Құдайбергенова және т.б., 2022:69).

Бұл бағытта Е. Сыдықовтың 2010 жылы жарық көрген «Гонимые голодом» атты құжаттар жинағында Батыс Сібірге босып кеткен қазақтар туралы құнды мәліметтер келтірілген (Сыдықов, 2010). Құжаттар жинағында XX ғасырдың 30-жылдарының басындағы ашаршылық салдарынан Сібірге жапырлай көшкен он мыңдаған қазақтардың тағдырына қатысты деректер топтастырылған. Авторлар материалдарды талдай келе, сол кезеңде Қазақстаннан Сібірге қоныс аударған қазақтардың ресми құжаттарда көрсетілгеннен 30–40 %-ға артық болғанын, яғни шамамен 100 мыңға жуығын құрағанын болжайды. Батыс және Шығыс Сібірге негізінен орта жүз және ішінара ұлы жүз қазақтары қоныс аударғаны айтылады. Сібірге барған қазақ балаларының жағдайы аса ауыр болған. Жинақтағы архивтік 50-ге жуық құжат панасыз қалған, жетім балалардың ахуалы, оларды балалар үйлеріне орналастыру және жаңа балалар үйлерін ашу мәселелеріне

арналған. Батыс Сібірдегі балалар үйлеріне байланысты құжаттарда жергілікті билік тарапынан немқұрайлылық, жабдықтаушы ұйымдардың жауапсыздығы, асханаға бөлінген нанның жүйесіз берілуі немесе басқа мақсаттарға жұмсалуды, киім-кешек пен аяқ киімнің жетіспеушілігі, ғимараттардың жөнделмеуі және қаржы тапшылығы секілді мәселелер кеңінен көрініс тапқан.

Сондай-ақ 2021 жылы жарыққа шыққан «Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника» атты үш томдық құжаттар жинағы бұрын-соңды болмаған экономикалық дағдарыстарды, әлеуметтік-демографиялық өзгерістерді зерделеуде және қазақ балаларының панасыз қалу динамикасын айқындауда ерекше ғылыми мәнге ие. Құжаттар жинағында 1932–1934 жылдары панасыз балаларға, сондай-ақ шаруашылығы мүлде күйреген отбасылардың балаларына арналып Халық денсаулық комиссариаты (ХДК) мен Халық ағарту комиссариаты (ХАК) желісі облыстар бойынша барлығы 6000 балаға арналған балалар үйлерін ұйымдастырғаны жайлы деректер келтіреді (Ашаршылық, 2021: 205).

Және де, 1933 жылғы 3 сәуірден кейін Мәскеуде жазылған ВЦИК Балалар комиссиясы өкілінің құпия баяндамасында Қазақстандағы панасыз балалардың жағдайы «аса ауыр» деп бағаланған. Құжатта көрсетілгендей, 1933 жылдың 1 сәуірінде республикадағы балалар үйлерінде 57–58 мың бала болған, сонымен қатар көшелерден әлі де 2,5–3,5 мың баланы жинау қажеттігі атап өтілген. Балалар үйлері толып кеткен, бейімделмеген ғимараттарда орналасып, балалардың басым көпшілігі бір ғана көйлекпен жалаңаш жүрген, төсек-орын жетіспей еденде жатқан. Тамақтану деңгейі «өте нашар» деп сипатталып, азық-түлік кешігіп, қысқартылып берілгені, ал кейде мүлде жетпегені көрсетіледі.

Қаржыландырудағы жағдай да мүшкіл еді: 1932 жылы Қазақстандағы балалар үйлеріне бөлінуі тиіс 4 579 000 рубльдің орнына тек 1 545 000 рубль (33,9%) ғана жеткен. Қалған шығындарды Орталықтың қаражаттары есебінен жабуға тура келген. Соның салдарынан көптеген балалар үйлерінде балалардың өлім-жітімі күрт өскен, ал тәрбиелеу жұмысы іс жүзінде жүргізілмеген. Құжат авторы жағдайды «катастрофа» деп бағалап, Қазақстандағы тиісті мекемелердің немқұрайлылығы мен жауапсыздығын сынға алған (Ашаршылық, 2021: 562–564). Бұл дерек Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық кезінде панасыз балалардың жағдайының қаншалықты ауыр болғанын дәлелдейді. Кеңестік билік балалар үйлерін ұйымдастыруда жүйелі саясат ұстана алмады: қаражат жеткіліксіз бөлінді, тамақ пен киім жетіспеді, бақылау тетіктері болмады. Соның нәтижесінде балалар үйлері гуманитарлық мекеме емес, өлім ордасына айналды. Осы құжат кеңестік әлеуметтік қамқорлық жүйесінің формалды сипатта ғана болғанын, іс жүзінде балалардың өмірін сақтап қалуға қауқарсыздығын көрсетеді.

С.О.Смағұлованың «Зұлмат жылдар зардабы» монографиясында аштық жылдарындағы балалардың ашығуы мен өлімі мәселесіне бір тарау арналады (Смағұлова, 2024). Автор Қазақстан өңіріндегі балалар мәселесін архив деректері негізінде сипаттайды. 1931–1933 жылдардағы аштыққа ұшыраған балалар жөніндегі мәліметтер күнделікті түрде өлкелік комитетке жіберіліп отырған. Архив құжаттарыда, әр облыста ашыққан балалардың саны күннен-

күнге артып, олардың арасында өлім-жітімнің көбейгендігі жөніндегі хабарлар құпия түрде жеткізілген. 1931 жылғы қыста ашыққандардың қатарында балалардың басым болғаны және оларға қажетті көмектің көрсетілмей отырғаны жөніндегі ақпараттар жоғары орындарға толассыз ағылғанын, мәліметтердің барлығы құпия құжат ретінде сақталғанын архив деректері арқылы көрсете білген.

18 ақпандағы Ақтөбе округінің Ақтөбе ауданынан жіберілген аса құпия ақпаратқа сәйкес, азық-түліктің тапшылығынан ауылды жерлерде аштық асқына түскен. Ісініп кеткендердің арасында балалардың көптігі ерекше атап көрсетілді. Мәселен, №39 ауылдағы Зайченко, Шеботаева, Сүйіндіковтің балалары аштықтан ісініп, жүре алмай қалған, ал кейбіреулері ауыл-ауылды аралап қайыр тілеуге кеткен. Қобда ауданының №1 ауылында кедей шаруа Расқалиевтің отбасында екі бала аштықтан қайтыс болып, қалғандары ісініп, өлім халінде жатқаны хабарланды (Смағұлова, 2024:202).

Жоғары жаққа жолданған бір хатта мынадай жағдай суреттеледі: *«Ашыққандар мекеме алдына аш, жартылай үсіп қалған балаларын тастап кетуде. Балалар үйлері толып кеткендіктен, келгендерді қабылдамай отыр. Қаладан күн сайын аштықтан ісінген, үсіп қалған барлық жастағы тастанды балаларды кездестіруге болады. Олардың әдеттегі жауабы: «Әкем өлді, шешем де қайтыс болды, үйім жоқ, нан да жоқ»... Жеке азаматтар мұндай балаларды милиция бөліміне апарады, бірақ олар қабылдамай, қайтадан көшеге қуып шығады».*

Сондай-ақ хат иесінің айтуынша, балалар үйлерінің жағдайы аса ауыр болған. Іші лас әрі сасық иіске толы, балалар еденде жатады, әлсіздері жылай да алмай, дәреттерін астына жіберіп қояды. Тамақтандыру өте мардымсыз. Балалар үйінің ауласы мен шөп қорасы өлген балалардың мүрделерімен толып кеткен. Мұндай көрініс балалар үйін мәйітханаға теңеуге мәжбүр еткен (Смағұлова, 2024:203). 1933 жылдың 1-тамызындағы мәлімет бойынша Қазақстанда үй-күйсіз босқан балалардың саны 61 000-ға жеткен (Смағұлова, 2024:222). Бұл деректер кеңес үкіметінің халықты, әсіресе балаларды қорғаудағы толық дәрменсіздігін көрсетеді. Жеткізілген азын-аулық көмек аштыққа қарсы тұра алмады.

Осындай қиын қыстау кезеңдегі ашаршылық тарихы үнемі зерттеліп, жарияланып отырған. Ашаршылықтың 90 жылдығына орай Қырғызстан Республикасының Орталық архиві, К. Дикамбаев атындағы Дипломатиялық академия, Юсуп Абдрахманов ұрпақтарының қоғамдық қоры, сондай-ақ Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Мемлекет тарихы институтының бірлескен еңбегі нәтижесінде жарық көрген «Ашаршылық в Казахстане: казахские беженцы в Кыргызстане 1932–1933 гг.» атты құжаттар мен материалдар жинағында қазақ босқындарының Қырғызстанға өтуі, олардың арасында балалардың жағдайы мен оларға көрсетілген көмек мәселелері 185 архив құжаты негізінде айғақталған. Бұған қоса, жинақта сол кезеңде қырғыз жерінде қазақ босқындарына қол ұшын берген тұлғалар туралы деректер және Қырғызстанда тұрақтап қалған қазақтардың ұрпақтары жайында жазылған ғылыми мақалалар да енгізілген.

Қазіргі зерттеулердің ішінде О. Х. Мұхатованың еңбектерін атап өткен жөн. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық салдарынан панасыз қалған балалардың тағдыры архив деректері мен куәгерлердің естеліктері негізінде талданады. Автор аштықтан аман қалған балалардың әлеуметтік жағдайын, олардың жетімдер үйлері мен қабылдау пункттеріне орналастырылуын, сондай-ақ Өлкелік балалар комиссиясының қызметін айқындайды. Сонымен қатар, ашаршылық жылдарында қорғансыз балаларды құтқару шаралары жүргізілгенімен, олардың советтік идеология негізінде тәрбиеленгенін ерекше атап көрсетеді (Мухатова, 2025).

Ал, З.Г.Сактаганова, Т.Қ.Сақабай 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық панасыз, қараусыз балалар санының күрт өсуіне себеп болғанын дәлелдейді (Сактаганова, Сақабай, 2024). К.Байсарина Шығыс Қазақстан өңіріндегі 1930-1931 жылдары ұйымдастырылған күштеп ұжымдастыру науқаны салдарынан орын алған панасыз балалардың ауыр жағдайы жіне қиын тағдырын нақты мысалдармен жан-жақты баяндайды. Шығыс Қазақстан өңіріндегі: Көкпекті, Зайсан, Жарма, Мақаншы, Үржар, Абай, және Тарбағатай аудандарындағы ашыққан балаларға, сонымен қатар өңірдегі барлық балалар үйінде орналастырылған жетім балаларға үкімет тарапынан көмек жасалды. Бірақ сол көмек өте мардымсыз, тіпті тиісті орынға жетпегенін, 1932 жылдың 1-қазанына дейін Шығыс Қазақстанға берілуі тиіс ақша 632 мың сом толық берілмеген. Өңірдегі балалар үйін қамтамасыз ететін 5 мекеменің қаржыландыру жүйесінің дұрыс жолға қойылмауы көбіне олардың балалар үйлерінің қаржылық жағдайын білмеуімен және оларға қатысты ақшаны дұрыс бөлмеуімен түсіндіріледі (Байсарина, 2021:12). Б.Ж.Атантаева, Р.Д.Ахметова, А.Р.Ботабековалар өз зерттеулерінде кеңестік биліктің қатыгез саясатының салдарынан балалардың ауыр тағдырға ұшырағанын тұжырымдайды (Атантаева, Ахметова т.б., 2024)

Қазақстан аумағындағы және іргелес елдердегі балалар панасыздығы мәселесі зерттеген А.Т.Қайипбаева мен А.М.Әбікей XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балалар панасыздығы мен балалар үйлерінің жағдайы мәселесін зерттеу тарихына тарихнамалық шолу жасайды. Балалар панасыздығына әсер еткен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың салдарын айқындайды. Қазақстандағы және іргелес елдердегі балалар үйлерінің азық-түлікпен қалыпты қамтамасыз етілмеуі 30-шы жылдардың ортасынан асқанша жалғасып келгені, балалар үйлерінің жай-күйінің және ондағы балаларға қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілмегені, балалардың қажетті киімкешегінің жетіспеушілігі немесе мүлдем қамтамасыз етілмеуі, медициналық және тәрбиелеуші кадрларының болмауы сияқты мәселелердің зерттелу қажеттілігін анықтайды (Қайипбаева, Әбікей, 2024: 676).

Осы зерттеу бағытында Р.К.Айдарбаева, С.К.Уалиева ғылыми мақаласында Қазақстанның тыс аймақтарындағы қазақтың панасыз балаларының саны, негізгі категорияларын анықтады. Панасыз қазақ балаларын негізгі үш категорияға жіктеп ата-анасынан айрылған жетім балалар; босқыншылық кезінде ата-анасы мен туыстарынан ажырап, адасып қалған балалар; тастанды

балалар. Өртүрлі деректерді салыстыру нәтижесінде қазақ босқындарының шамамен 30 %-ын балалар құрағанын дәлелдеді (Айдарбаева, Уалиева, 2025).

А.Т.Қаипбаева мен А.Белялованың «Панасыз балаларды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі (1920-1930жж.)» ғылыми мақаласы Кеңес дәуірінде панасыз балаларды әлеуметтік қорғау жүйесінің қалай қалыптасқанын, оның қайшылықтары мен әлсіз жақтарын ғылыми тұрғыдан талдаған. Авторлар балалар үйлері мен еңбек колонияларының жұмысын сипаттай отырып, кеңестік биліктің негізгі мақсаты «балаларды құтқарудан» гөрі мемлекеттік бақылауды күшейту болғанын айтады. Нәтижесінде «балаларды қайта тәрбиелеу» идеясы іске аспай, балалардың көпшілігі аштық, ауру және қараусыздық жағдайында қаза болған (Қаипбаева, Белялова, 2025). 1922 жылғы 15 қазандағы мәлімет бойынша Қазақстан аумағында 189 233 панасыз бала тіркелген. Архивтік құжаттарда бұл балаларға арналған мекемелердің шамадан тыс толы болғаны көрсетілген. Мысалы, Орынбор губерниясында – 37 400, Оралда – 56 100, Қостанайда – 25 960, Семейде – 7 040, Ақмолада – 6 105, Бөкей губерниясында – 28 193, Ақтөбеде – 22 440 бала есепке алынған (Қаипбаева, Белялова, 2025: 808). Бұл деректер кеңестік биліктің балалар үйлері жүйесін кеңейткенімен, нақты тұрғыда оны тиімді басқара алмағанын дәлелдейді. Жоспарлы түрде қаржы бөлінгенімен, азық-түлік пен киім жетіспеушілігі, педагог кадрлардың дайын еместігі салдарынан балалар үйлеріндегі өлім-жітім деңгейі жоғары болды. Демек, кеңестік әлеуметтік қамқорлық жүйесі идеологиялық мақсатты көбірек көздеп, нақты гуманитарлық қажеттілікті қамтамасыз ете алмады.

Мәселеге қатысты зерттеулердің негізгі бағыттары: ашаршылық жылдарындағы панасыз балалардың жағдай, олардың әлеуметтік бейнесін сипаттау, шетелдік көмектің балалар үйлерін ұйымдастырудағы рөлі, Қазақстандағы кеңестік балалар үйлері мен панасыздықпен күрес жүйесінің ұйымдастырылуы, іргелес елдердегі балалар панасыздығы, Батыс Сібірге босып кеткен қазақтар туралы архив құжаттары. Осы қарастырылған зерттеулердің барлығы ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылықтың ең ауыр салдарының бірі балалардың жаппай панасыз қалуын жан-жақты дәлелдейді. Архив құжаттары сол кезеңдегі жағдайдың ауырлығын ашып көрсетсе, ғылыми зерттеулер мен құжаттар жинағы бұл әлеуметтік құбылысты сандық деректер мен тарихи динамика тұрғысынан талдайды. Алайда, зерттеушілер өз еңбектерінде панасыз балалардың тарихы мен балалар үйінің қызметі жайлы белгілі бір деңгейде талданғанмен, біздің зерттеп отырған хронологиялық кезең тұрғысынан алғанда, тарихымыздағы панасыз балалар тағдырын жан-жақты ашып көрсету үшін уақыт ауқымын және қамтылған аймақты толық қамтитын кешенді зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде кеңестік кезеңдегі панасыз балалар мен балалар үйлерінің тарихына қатысты еңбектер талданып, олардың негізгі бағыттары айқындалды. ХХ ғасырдың 1920–1930 жылдарындағы ашаршылықтар

Қазақстанда балалар панасыздығының кеңінен таралуына ықпал еткен басты факторлардың бірі екендігі анықталды. Сонымен қатар, КСРО-дағы әлеуметтік-саяси дағдарыстардың отбасы институтына және балалар тағдырына тигізген ауыр зардаптары көрсетілді.

Соңғы жылдары балалардың панасыздық тарихын зерттеу бағытында айтарлықтай алға жылжу байқалады. Әсіресе, ғылыми айналымға жаңа архивтік деректердің енгізілуі зерттеу нысанының нақтылануына және қалыптасуына ықпал етті. Арнайы монографиялар әлі жазылмағанымен, ашаршылық тақырыбын зерттеген еңбектерде бұл мәселе жанама түрде қозғалып, кейбірінде жеке тарау ретінде қарастырылған. Дегенмен, монографиялық еңбектер мен құжаттар жинақтарында берілген мәліметтер көбіне толық емес, үзінділі сипатта және тең дәрежеде қамтылмаған. Сондықтан қазақ балаларының панасыздығы мен балалар мекемелеріндегі жағдайын кешенді түрде ашып көрсететін интегралды зерттеулер жүргізу қажеттілігі өзекті болып отыр.

Сонымен бірге, кеңестік кезеңдегі балалар панасыздығы белгілі деңгейде зерттелгенімен, Қазақстанның батыс өңіріндегі қазақ балаларының тағдыры мен олардың орналастырылған мекемелерінің жағдайы арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Көптеген еңбектерде Қазақстанға қатысты мәселе жалпы сипатта сөз етілгенімен, нақты бағытталған зерттеулер негізінен Орталық пен Шығыс Қазақстанға шоғырланған. Осыған байланысты 1920–1930 жылдардағы панасыздық тақырыбы бойынша құжаттар жинағын құрастыру және дербес монографиялық зерттеулер жазу мәселесі әлі де өзекті. Мұндай жинақтарға шетелдік архивтердегі құжаттарды енгізу зор маңызға ие, ал болашақтағы монографияларда Қазақстандағы панасыз балалар проблемасын шетелдегі қазақ балаларының тағдырымен салыстыра талдау қажет.

Кеңестік кезеңдегі балалар панасыздығы тарихын ресейлік және шет елдердегі зерттеулердің деректік-әдіснамалық негізінде қарастыру, сонымен қатар жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану арқылы аз зерттелген қырларын тың тұжырымдармен толықтыру қоғамдық сананы отарлық көзқарастан арылту үдерісіне елеулі үлес қосады.

Қорытынды

Осылайша, Қазақстан тарих ғылымында, ресейлік және шетелдік тарихнамасындағы панасыз балалар тарихының зерттелу аясы шектеулі болғандықтан, мәселенің тұтас бейнесін, кеңес дәуіріндегі панасыз балалардың таралу аймақтарын, санын толық көрсете алмаймыз. Яғни, балалар панасыздығы тақырыбы кең ауқымда қарастырылып, архив қорларындағы құжаттарды саралап ғылыми айналымға енгізу, аталған мәселеге қатысты монографиялар мен еңбектерді зерделеу жаңа көзқарастағы кешенді зерттеулерді талап етеді.

Кеңестік билік кезеңінде орын алған балалар панасыздығы құбылысы мемлекет жүргізген әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларының тікелей салдары ретінде бағалануы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника : сб. док. Т. 4. 1928–1929 / отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы : Атамұра, 2021.
2. XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары (жаңа архивтік және жазбаша дереккөздер негізінде) : ұжымдық монография / жауапты ред. М. М. Қозыбаева. – Алматы : «Мадияр», 2023. – 264 с.
3. 1917–1973 гг. / сост. А. А. Абакумов, Н. П. Кузин, Ф. И. Пузырев [и др.]. – М. : Педагогика, 1974. – 560 с.
4. Айдарбаева Р. К., Уалиева С. К. Босқыншылық және қазақ балаларының тағдыры (XX ғ. 30-жж.) // Отан тарихы. – 2025. – Т. 28. – № 2. – Б. 290–306. – DOI: 10.51943/27889718_2025_28_2_290-306.
5. Асылбеков М. Х., Галиев А. Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). – Алматы, 1991. – 185 с.
6. Атантаева Б. Ж., Ахметова Р. Д., Ботабекова А. Р. Дети – жертвы казахстанского голодомора (по материалам Государственного архива области Абай) // Вестник Университета Шакарима. Исторические науки. – 2024. – № 1. – С. 115–128. – URL: <https://history.vestnik.shakarim.kz/index.php/my/article/view/28/9>
7. Базанова Ф. Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект. – Алма-Ата : Казахстан, 1987. – 154 с.
8. Байсарина Қ. Қ. Шығыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры (1930–1932 жж.) // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2021. – № 1(68). – URL: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.01>
9. Бисенова А. Б. Материнство и умственный труд / Пер. с нем. М. Кучинского // Здоровье женщины и материнство. – М. : Знание, 1960. – 48 с.
10. Бисенова А. Б. Очерки развития охраны материнства и детства в Казахстане. – Алма-Ата : Казахстан, 1965. – 208 с.
11. Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. – Алматы : Kazakhstan Risks Assessment Group, 2020. – 304 с.
12. Кемелжанова Г. К. Становление и развитие детских домов в 1920–40-е годы в Казахстане // Молодой ученый. – 2020. – № 23(313). – С. 616–620. – URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/>
13. Конквест Р. Жатва скорби = The harvest of sorrow: Сов. коллективизация и террор голодом / Пер. с англ. Исраэль Коэн, Нели Май ; под ред. М. Хейфеца. – London : Overseas Publ. Interchange, 1988. – 620 с.
14. Қайипбаева А. Т., Әбікей А. М. Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылық мәселесіне тарихнамалық шолу // Отан тарихы. – 2024. – Т. 27. – № 3. – Б. 665–679. – DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_665-679.

15. Қайыпбаева А. Т., Белялова А. Панасыз балаларды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі (1920–1930 жж.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2025. – Т. 12. – № 3. – Б. 803–822. – DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_803-822.
16. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992.
17. Омарбеков Т. О. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2001. – 404 б. – ISBN 9965-468-43-5.
18. Құдайбергенова А. И., Қозыбаева М. М., Мамытова С. Н., Курманов З. К., Исенов Ө. И., Мұсағалиева А. С., Байдалы Р. Ж., Кубеев Р. Д. XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография. – Алматы : «Мадияр» ЖК, 2022.
19. Малышева М. П., Познанский В. С. Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931–1934 гг.). – Алматы : Ғылым, 1999. – 535 с.
20. Мананникова Н. В. Охрана материнства и младенчества в Казахстане // Охрана материнства и младенчества в Союзе ССР. 1918–1938. – М., 1938. – 276 с.
21. Медынский Е. Н. Народное образование в СССР. – М. : Изд-во Академии пед. наук РСФСР, 1952. – 283 с.
22. Мухатова О. Аштық жылдарындағы қорғансыз балалар жағдайы // Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2025. – Т. 12. – № 2. – Б. 516–530. – DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530.
23. Народное образование в СССР. Общеобразовательная школа : сб. документов. – М., б. г.
24. Сажина Н. С. Социальная политика в отношении материнства и детства в первые годы советской власти // Вестник Брянского государственного университета. Серия «История и археология». – 2013. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru>
25. Сактаганова З. Г., Карсакова Г. Б. Влияние голода на рост числа беспризорных детей в Акмолинской губернии в 1920-е гг. // Вестник КазГУ. Сер. историческая. – 2017. – № 3(86). – С. 4–10. – ISSN 1563-0269.
26. Сақтағанова З. Г., Сақабай Т. Қ. 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орталық Қазақстандағы панасыз балалар мәселесі // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2024. – № 29. – 4(116). – С. 156–166. – DOI: 10.31489/2024NPh4/156-166.
27. Сүгірәлімова Г. Б. Қазақстандағы панасыз балалар: Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар) : дис. ... канд. ист. наук. – Қарағанды, 2006. – 147 б.
28. Циденков Г. Г. «Везучие беспризорники из Актюбинска»: иностранная гуманитарная помощь на территории современного Северного и Северо-Западного Казахстана во время голода 1921–1923 гг. // Одиннадцатые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен. – Оренбург, 2022. – С. 152–155.
29. Шмидт В. Трагедия Казахстана 1921–1922 годов: голод и его последствия // Восточный архив. – 2018. – № 1(37). – С. 40–49.

30. Kaşıkçı M. V. Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928–1953. – Arizona State University, 2020. – 398 p.

Раушан Д.Ахметова, Ерке Конбай
Шәкәрім университет, Семей, Қазақстан

Проблемы изучения детских домов и беспризорности в советскую эпоху

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается исследование проблемы детских домов и беспризорности в Советский период 1920–1930-х гг. Особое внимание уделено вопросам социальной и образовательной политики советской системы, деятельности учреждений для беспризорных детей, а также истории голода. Несмотря на актуальность проблемы детской беспризорности, она нашла относительно ограниченное отражение в научных исследованиях. *Цель и задачи* исследования заключаются в комплексном анализе вопроса детских домов и беспризорности в советское время, выявлении их социально-политических причин, места в государственной политике и особенностей изучения в историографии. В работе проведён анализ архивных материалов, прежде всего постановлений ВЦИК и СНК, определивших организацию учреждений для детей, показана их роль в системе социальной защиты. Рассмотрены педагогические и научные подходы советского времени к данной проблематике, а также исследования казахстанских и зарубежных учёных. В статье охарактеризованы развитие детских домов, причины и формы беспризорности. *Результаты исследования* выявляют специфику советской социальной политики в отношении сирот и беспризорных, демонстрируют её реализацию на региональном уровне. Установлено, что дети становились жертвами социально-экономических реформ и массового голода. Советская власть предпринимала меры по улучшению положения беспризорных, размещая их в детских домах, коммунах, приёмниках, а также через деятельность центральных и региональных детских комиссий. Сделан *вывод* о том, что исследования казахстанских и зарубежных авторов внесли значительный вклад в изучение истории беспризорности и детских домов в советский период. Беспризорность рассматривалась не только как проблема советской власти, но и как важное социальное явление для общества в целом. В источниках и периодике того времени подробно анализировались недостатки государственной политики в отношении беспризорных детей и предлагались пути их преодоления.

Ключевые слова: Советский период, беспризорность, детские дома, социальная политика, историография.

Raushan D. Akhmetova, Yerke Konbay
Shakarim University, Semey, Kazakhstan

Problems in the study of orphanages and child homelessness in soviet era

Abstract. *Introduction.* This article examines the issue of orphanages and child homelessness during the Soviet period of the 1920s–1930s. Particular attention is paid to the social and educational policies of the Soviet system, the activities of institutions for homeless children, and the impact of famine. Despite the significance of child homelessness, it has received relatively limited coverage in scholarly research. The *purpose and objectives* of this study are to conduct a comprehensive analysis of orphanages and child homelessness in the Soviet era, identifying their socio-political causes, their place in state policy, and the specifics of their treatment in historiography. The study employs an analysis of archival materials, primarily decrees of the VTsIK (All-Union Central Election Committee) and the SNK (Council of People's Commissars), which defined the organization of children's institutions, and demonstrates their role within the social welfare system. Pedagogical and

scholarly approaches to this issue from the Soviet time are considered, alongside research by Kazakhstani and foreign scholars. The article characterizes the development of orphanages and the causes and forms of child homelessness. The *results* of the study reveal the specifics of Soviet social policy towards orphans and homeless children, illustrating its implementation at the regional level. It is established that children were victims of socio-economic reforms and mass famine. The Soviet authorities took measures to improve the situation of homeless children by placing them in orphanages, communes, reception centers, and through the work of central and regional children's commissions. The *conclusion* states that research by both Kazakhstani and foreign authors has made a significant contribution to the study of the history of homelessness and orphanages in the Soviet period. The child homelessness viewed not merely as a problem for the Soviet government, but as an important social phenomenon for society as a whole. Contemporary sources and periodicals provided a detailed analysis of the shortcomings of state policy regarding homeless children and proposed ways to overcome them.

Keywords: Soviet period, child homelessness, orphanages, social policy, historiography.

References

1. Asharshylyq. Golod. 1928–1934. Dokumental’naia khronika : sb. dok. T. 4. 1928–1929 / otv. red. B. Ábdigaliuly. – Almaty : Atamura, 2021.
2. XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары (жаңа архивтік және жазбаша деректер негізінде) : ұжымдық монография / жинаптау ред. М. М. Қошыбаева. – Almaty : «Madiiar», 2023. – 264 s.
3. Abakumov A. A., Kuzin N. P., Puzyrev F. I. [i dr.] 1917–1973 gg. – M. : Pedagogika, 1974. – 560 s. [In Russian]
4. Aidarbaeva R. K., Ualieva S. K. Bosqynshylyk және қазақ балаларының тағдыры (XX ғ. 30-жж.) [Refugeehood and the fate of Kazakh children (1930s)] // Otan tarihy. – 2025. – T. 28. – № 2. – B. 290–306. – DOI: 10.51943/27889718_2025_28_2_290-306.
5. Asylbekov M. Kh., Galiev A. B. Sotsial’no-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917–1980). [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. – Almaty, 1991. – 185 s. [In Russian]
6. Atantaeva B. Zh., Akhmetova R. D., Botabekova A. R. Deti – zhertvy kazakhstanskogo golodomora (po materialam Gosudarstvennogo arkhiva oblasti Abai) [Children as victims of the Kazakh famine (based on the materials of the State Archive of Abai Region)] // Vestnik Universiteta Shakarima. Istoricheskie nauki. – 2024. – № 1. – S. 115–128. – URL: <https://history.vestnik.shakarim.kz/index.php/my/article/view/28/9> [In Russian]
7. Bazanova F. N. Formirovanie i razvitie struktury naseleniia Kazakhskoi SSR: natsional’nyi aspekt. [Formation and development of the population structure of the Kazakh SSR: National aspect] – Alma-Ata : Kazakhstan, 1987. – 154 s. [In Russian]
8. Baisarina Q. Q. Shygys Qazaqstan óńirindegi ašarshylyq және панасыз балалар тағдыры (1930–1932 жж.) [The famine in East Kazakhstan and the fate of homeless children (1930–1932)] // Abai atyndaғы Qazaq ulttyq pedagogikalyq universitetiniń Khabarshysy. «Tarih және saiası-áleumettik ғылымдар» seriıassy. – 2021. – № 1(68). – URL: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.01>

9. Bisenova A. B. Materinstvo i umstvennyi trud [Motherhood and intellectual work] / Per. s nem. M. Kuchinskogo // Zdorov'e zhenshchiny i materinstvo. – M. : Znanie, 1960. – 48 s. [In Russian]
10. Bisenova A. B. Ocherki razvitiia okhrany materinstva i detstva v Kazakhstane. [Essays on the development of maternal and child health protection in Kazakhstan] – Alma-Ata : Kazakhstan, 1965. – 208 s. [In Russian]
11. Kameron S. Ashtyq zhaılağan dala. Asharshylyq, ozbyrlyq zhane Keñestik Qazaqstandy ornatu. [The famine-stricken steppe: Famine, violence and the making of Soviet Kazakhstan] – Almaty : Kazakhstan Risks Assessment Group, 2020. – 304 s.
12. Kemelzhanova G. K. Stanovlenie i razvitie detskikh domov v 1920–40-e gody v Kazakhstane [The formation and development of orphanages in Kazakhstan in the 1920s–1940s] // Molodoi uchenyi. – 2020. – № 23(313). – S. 616–620. – URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/> [In Russian]
13. Konkvist R. Zhatva skorbi = The harvest of sorrow: Sov. kollektivizatsiia i terror golodom. [The harvest of sorrow: Soviet collectivization and the terror-famine] / Per. s angl. Israel' Koen, Neli Mai ; pod red. M. Kheifetsa. – London : Overseas Publ. Interchange, 1988. – 620 s.
14. Qaipbaeva A. T., Ábikei A. M. Qazaqstandaǵy 1931–1933 j. j. jappai asharyshylyq máselesine tarihnamalyq sholu [A historiographical review of the mass famine in Kazakhstan (1931–1933)] // Otan tarihy. – 2024. – T. 27. – № 3. – B. 665–679. – DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_665-679.
15. Qaipbaeva A. T., Beliialova A. Panasyz balalary áleumettik qorǵaudyń memlekettik júiesi (1920–1930 zhzh.) The state system of social protection for homeless children (1920s–1930s)]// Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2025. – T. 12. – № 3. – B. 803–822. – DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_803-822.
16. Qozybaev M. Aqtańdaqtar aqıqaty. [The truth of the white spots] – Almaty, 1992.
17. Omarbekov T. O. XX ǵasyrdaǵy Qazaqstan tarihyńyń ózekti máseleleri. [Topical issues of the history of Kazakhstan in the 20th century] – Almaty : QAZAqparat, 2001. – 404 b. – ISBN 9965-468-43-5.
18. Qudaıbergenova A. I., Qozybaeva M. M., Mamytova S. N., Kurmanov Z. K., Isenov Ó. I., Músaǵalıeva A. S., Baidaly R. Zh., Kubeev R. D. XX ǵasyrdyń 30-zhzh. basyndaǵy jappai asharyshylyq kezeńindegi Ortalyq Aziia respublikalary men Reséidegi qazaq bosqyndary: Uzhyndyq monografiya. [Kazakh refugees in Central Asian republics and Russia during the mass famine of the early 1930s: A collective monograph] – Almaty : «Madiar» ZhK, 2022.
19. Malysheva M. P., Poznanskii V. S. Kazakhi-bezhentsy ot goloda v Zapadnoi Sibiri (1931–1934 gg.). [Kazakh refugees from famine in Western Siberia (1931–1934)] – Almaty : Ǵylym, 1999. – 535 s. [In Russian]
20. Manannikova N. V. Okhrana materinstva i mladenchestva v Kazakhstane. [Protection of motherhood and infancy in Kazakhstan] // Okhrana materinstva i mladenchestva v Soiuzе SSR. 1918–1938. – M., 1938. – 276 s. [In Russian]
21. Medynskii E. N. Narodnoe obrazovanie v SSSR. [Public education in the USSR] – M. : Izd-vo Akademii ped. nauk RSFSR, 1952. – 283 s. [In Russian]

22. Mukhatova O. Ashtyq zhyldaryndaǵy qorǵansyz balalar zhaǵdaıy [The situation of defenseless children during the famine years] // Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2025. – T. 12. – № 2. – B. 516–530. – DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530.
23. Narodnoe obrazovanie v SSSR. Obshcheobrazovatel’naia shkola : sb. dokumentov. [Public education in the USSR. General education school: Collection of documents] – M., b. g.
24. Sazhina N. S. Sotsial’naia politika v otnoshenii materinstva i detstva v pervye gody sovetskoi vlasti [Social policy regarding motherhood and childhood in the early years of Soviet power] // Vestnik Brianskogo gosudarstvennogo universiteta. Serii «Istoriia i arkhologiiia». – 2013. – Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru> [In Russian]
25. Saktaganova Z. G., Karsakova G. B. Vliianie goloda na rost chisla besprizornykh detei v Akmolinskoi gubernii v 1920-e gg. [The impact of famine on the increase in the number of homeless children in Akmola Province in the 1920s] // Vestnik KazGU. Ser. istoricheskaiia. – 2017. – № 3(86). – S. 4–10. – ISSN 1563-0269. [In Russian]
26. Saktaganova Z. G., Saqabai T. Q. 1930-shy zhyldardaǵy ashharshylyq kezeńindegi Ortalyq Qazaqstandaǵy panasyz balalar maselesi [The problem of homeless children in Central Kazakhstan during the famine of the 1930s] // Qaragandy universitetiniń khabarshysy. – 2024. – № 29. – 4(116). – S. 156–166. – DOI: 10.31489/2024HPh4/156-166.
27. Sۇǵırálimova G. B. Qazaqstandaǵy panasyz balalar: Maseleleni sheshu tarihy, tazhiribesi, qorytyndysy (1920–1940 zhyldar) [Homeless children in Kazakhstan: The history, experience, and outcomes of addressing the problem (1920–1940)] : dis. ... kand. ist. nauk. – Qaragandy, 2006. – 147 b.
28. Tsidenkov G. G. «Vezuchie besprizorniki iz Aktiubinska»: inostrannaia gumanitarnaia pomoshch’ na territorii sovremennogo Severnogo i Severo-Zapadnogo Kazakhstana vo vremia goloda 1921–1923 gg. [“Lucky homeless children from Aktobe”: Foreign humanitarian aid in the territory of modern Northern and Northwestern Kazakhstan during the famine of 1921–1923] // Odinnadtsatye Bol’shakovskie chteniia. Orenburgskii krai kak istoriko-kul’turnyi fenomen. – Orenburg, 2022. – S. 152–155. [In Russian]
29. Shmidt V. Tragediia Kazakhstana 1921–1922 godov: golod i ego posledstviia [The tragedy of Kazakhstan in 1921–1922: Famine and its consequences] // Vostochnyi arkhiv. – 2018. – № 1(37). – S. 40–49. [In Russian]
30. Kaşıkcı M. V. Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928–1953. – Arizona State University, 2020. – 398 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Ахметова Раушан Дюсенбековна – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей қ.

Конбай Ерке – «8D01601 - Тарих» ББ-ның 2 курс докторанты, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей қ.

Сведения об авторах:

Ахметова Раушан Дюсенбековна – к.и.н., ассоциированный профессор, Шәкәрім университет, Казахстан, г. Семей.

Конбай Ерке – докторант 2-курса по ОП «8D01601 - История», Шәкәрім университет, Казахстан, г. Семей. E-mail:

About the authors:

Akhmetova Raushan Dyusenbekovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Shakarim University, Kazakhstan, Semey.

Konbay Yerke – 2st year doctoral student in the program "8D01601 - History", Shakarim University, Kazakhstan, Semey.